

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

ЗАҢ ИНСТИТУТЫ

АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ

**«Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы»
пәні бойынша
«Азаматтық істі сот талқылауына дайындау. Істі сотта талқылау.»
тақырыбында әзірленген
ДӘРІС**

**Әзірлеген: азаматтық-құқықтық пәндер
кафедрасының аға оқытушысы,
полиция майоры А.А. Қалиев**

**Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының ПӘС отырысында
талқылынып, мақұлданған. 2016 ж. «___»_____№__хаттама.**

ҚАРАҒАНДЫ 2016

ЖОСПАР:

Кіріспе

1. Істі сотта қарауға әзірлеудің маңызы.
2. Істі қарауға дайындау бойынша процессуалдық әрекеттер.
3. Соттық қарастырудың бөлімдері.
4. Істі қарастыруды тоқтата тұру мен кейінге қалдырудың негіздері.

Қорытынды

Пайдаланылған нормативтік-құқықтық актілер

Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

Ғалымдар мен тәжірибеде істейтін судьялардың басым көпшілігі істі сотта қарауға дайындауды азаматтық іс жүргізудің бір сатысы ретінде қарастырады. Дегенмен, бұған қарама-қарсы пікірлер де бар. Кейбір авторлар *азаматтық істі сотта қарауға әзірлеуді* азаматтық іс жүргізудің *өзіндік, жеке дара сатысы*, бұл жағдайда іс бойынша бірінші сатысында іс жүргүзі сатысы ретінде қарастырады.

Азаматтық істі сотта қарауға дайындаудың **мақсаты** – азаматтық істің уақытылы және дұрыс шешілуін қамтамасыз ету (Қазақстан Республикасының АПК 166 б.1 т.).

Сот отырысына қарағанда азаматтық істі сотта қарауға дайындау көмектесуші, қызмет көрсетуші сипатта болады. Ол азаматтық істің дұрыс және тез арада шешілуіне қажетті негізін қалауы керек.¹

Процессуалист-ғалымдар, соттарда істерді қараудың мағынасы мен маңыздылығын көрсете отыра, сот отырысында істерді шешкенде «ең алдымен және бәрінен бұрын» сот өндірісінің міндеттері қарастырылатынын, сонымен бірге іс жүргізудің мақсаттары «барынша кеңірек» жеткізілетінін көрсетеді.²

Расында да, көбінесе сот істі қарастыру кезінде азаматтық сот өндірісінің Қазақстан Республикасының АПК 5 бабында көзделген міндеттері атқарылады. Азаматтық істерді қарастыра отыра сот:

- азаматтардың, мемлекеттің және ұйымдардың бұзылған немесе даулы құқықтарын қорғаулы іске асырады;
- тараптардың құқықтары мен міндеттерінің немесе заңдылық маңызы бар фактінің бар-жоғын орнату арқылы істі мәнісі бойынша шешеді;
- тараптардың құқықтары мен міндеттерінің арасында нақтылықты орнату жолымен құқық туралы дауды жояды;
- құқықтың бұзылуын немесе оның бұзылу қаупін жоққа шығару арқылы заңдылықтың нығаюына септігін тигізеді;
- азаматтық, еңбек, тұрғын үйлік, отбасылық, экологиялық және т.б. материалдық құқық нормаларының бұзылуының алдын алады.

Дәл осы соттық қарастыруда сот әділдігі тікелей іске асырылады.³ Азаматтық істерді қарастыру барысында сотпен іске асырылатын міндеттер және осы құқық саласымен реттелетін қатынастардың маңыздылығы **сотта іс қарау институты** азаматтық іс жүргізу құқығы саласының орталық институты болып табылатыны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

¹ Жилин Г.А. Цели гражданского судопроизводства и их реализация в суде первой инстанции. –М., 2000 ж.

² Трубников П.Я. Судебное разбирательство гражданских дел.-М.: Госюриздат, 1962.; Шакарян М.С. Реализация права на судебную защиту по ГПК // Проблемы применения и совершенствования ГПК РСФСР. - Калинин: КГУ,1984.; Юрков Б.Н. Проблемы судебного контроля и надзора в советском государственном управлении: Автореф. ...д.ю.н.-Харьков,1988.

³ Зайцев И.М. Судебное разбирательство – процессуальная функция гражданского судопроизводства // Вопросы теории и практики судебного разбирательства гражданских дел: Сб.науч.тр. –Саратов:Сарат.плитехн.ин-т,1988.

1. Істі сотта қарауға әзірлеудің маңызы

Әрбір азаматтық іс бойынша істі сотта қарауға дайындау шараларын іске асыру міндетті болып келеді (ҚР АІЖК 166 б.2 т.).

Тиісті дайындықтың болмауы кейбір жағдайларда азаматтық іске қатысты дауды бірінші отырыстың өзінде-ақ шешуге мүмкіндік бермейді, істерді қарастыру кейінге қалдырылады, оларды қарастырудың мерзімдері бұзылады, ал кейбірде тіпті заңсыз және негізсіз шешімдер қабылданады.

Азаматтық істі сотта қарауға дайындау талап арызы қабылданған бойда судьямен жеке дара іске асырылады және ол ол сот отырысына дейін жалғаса береді. Істі қарастыруға қатысты дайындық әрекеттері оны қарау кейінге қалдырылғанда сот отырыстары арасында да, сонымен қатар, бұрын шығарылған сот шешімінің күші жойылғанда және іс қайтадан бірінші инстанциялық сотқа жіберілген кездерде де іске асырыла береді.

ҚР АІЖК 166 б. 2 т. сай азаматтық істі сотта қарауға дайындаудың **міндеттері** мыналар болып табылады:

- 2) істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды айқындау;
- 3) тараптардың құқықтық қатынастарын және басшылыққа алынуға тиісті заңды анықтау;
- 4) іске қатысатын адамдардың құрамы мен процестің басқа да қатысушылары туралы мәселені шешу;
- 5) әрбір тарап өз пайымдауларын негіздеу үшін ұсынуға тиіс дәлелдемелерді анықтау.

Істі сотта қарауға дайындаудың міндеттеріне назар аудара отыра Г.А.Жилин келесі моменттерге назар аударады:

- біріншіден, істің мән-жайларын анықтау істің дұрыс және уақытылы шешілуі үшін маңызы бар.
- екіншіден, істің дұрыс және уақытылы шешілуі үшін тиісті дәлелдемелердің анықталуы жеткіліксіз, олар сот отырысында ұсынылуы керек.
- үшіншіден, істі сотта қарауға дайындау бойынша заңда көделген міндеттердің орналасуы олардың дәл осындай тәртіппен қатаң түрде іске асырылуын білдірмейді. Бұл міндеттер өзара тығыз байланысты және олар бір мезгілде іске асырылады.

Сонымен, **азаматтық істі сотта қарауға әзірлеу** дегеніміз азаматтық істі уақтылы және қысқа мерзімдерде қарастыруға және шешуге бағытталған процессуалдық әрекеттердің жиынтығы.

Заңға сай азаматтық істерді сотта қарауға дайындаудың мерзімдері орнатылған. ҚР АІЖК 167 бабына сай азаматтық істерді сотта қарауға әзірлеу, егер заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, арыз қабылданғаннан күннен бастап жеті күн мерзімнен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс. Алименттерді өндіріп алу туралы, мертігуден немесе денсаулыққа өзге де зақымдануынан келтірілген зиянды өтеу туралы істерден басқа, айрықша күрделі істер бойынша ерекше жағдайларда, сондай-ақ асыраушысынан айырылуына байланысты және еңбек қатынастарынан туындайтын талаптар бойынша бұл мерзім судьяның дәлелді ұйғарымы бойынша бір айға дейін ұзартылуы мүмкін.

ҚР Жоғары Сотының Пленумы соттарға ҚР АІЖК 168 бабына сай олардың әрбір іс бойынша істі сотта қарауға әзірлеу туралы ұйғарым шығару

қажеттігіне және оның көлемінде қандай нақты процессуалдық әрекеттер жасау керек екендігін көрсетудің қажеттігіне назар аударды.⁴

Бұндай ұйғарым сонымен қатар, бұрын шығарылған сот шешімінің күші жойылғанда және іс қайтадан бірінші инстанциялық сотқа жіберілген кездерде де қосымша дайындық жүргізу қажеттігі пайда болғанда да шығарылады.

Занда көзделген жағдайлардан басқа кездерде, істі сотта қарауға әзірлеу туралы, сонымен бірге, осыған байланысты шығарылған басқа да ұйғарымдарға шағым берілмейді, берілсе де қарастырылмайды, себебі олар істің әрі қарай ілгерілеу мен жылжу мүмкіндігіне кедергі болмайды (ҚР АІЖК 344 б.1 т.). Мысалы, дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы арызды қабылдаудан бас тарту туралы, сараптама тағайындау туралы, талапты қамтамасыз ету туралы ұйғарымдарға жеке шағым немесе жеке наразылық келтірілуі мүмкін (ҚР АІЖК 75 б.3 т., 91 б.1 т., 164 б.1 т.).

Судья жауапкерге талап арыздың көшірмесін және талап қоюшының талаптарын негіздейтін оған қоса тіркелетін құжаттарды жібереді не тапсырады және өзі белгілеген мерзімде талап арызға пікір (қарсылық) білдіруді және өз пікірін (қарсылығын) негіздеуге дәлелдемелер беруге ұсынады. Жауапкердің пікірі мен дәлелдемелерді бермеуі істегі бар дәлелдемелер бойынша істі қарауға кедергі келтірмейді (ҚР АІЖК 169 б.).

⁴ ҚР ЖС “Азаматтық істерді сотта қарауға әзірлеу туралы” №21 13.12.2001ж. Қаулысының 2-т.

2. Істі қарауға әзірлеу бойынша процессуалдық әрекеттер

ҚР АІЖК-нің 170 бабы судьяның азаматтық істі сотта қарауға әзірлеу бойынша судьяның нақты процессуалдық әрекеттерінің тізімін қамтыған. Ондағы көрсетілген тізім істі дайындау барысындағы қалыптасқан жағдайға байланысты ұзартылуы да мүмкін, сондықтан да ол толық болып табылмайды. Бұл әрекеттерді іске асыру істі сотта қарауға әзірлеу бойынша мақсаттарға жету үшін және тиісті міндеттерді орындау үшін бағытталған. Әзірлеу сол немесе басқа санаттағы азаматтық істердің ерекшеліктеріне, сонымен бірге нақты істің сипаты мен күрделілігіне байланысты жүргізіледі. Сондықтан да әрбір азаматтық іс бойынша процессуалдық әзірлеу әрекеттерінің көлемі осы факторларға байланысты болып келеді.

Істі сотта қарауға әзірлеу туралы ұйғарымда істі сот отырысында қарастырғанға дейін міндетті болып келетін нақты әрекеттер көрсетілуі тиіс.

Судья талапкерді талап арызында көрсетілген талаптарының мәнісі бойынша сұрастыруға, жауапкер тарапынан болуы мүмкін қарсылықтар туралы білуге құқылы.

Істің мән-жайларының толық және жан-жақты зерттелуін қамтамасыз ету мақсатында ҚР АІЖК 170 б. 1 және 2 бөлімдеріне сай тараптарға осы кодекстің 47 және 49 баптарында көзделген олардың процессуалдық құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, себебі істі сотта қарауға әзірлеу барысында оларда тиісті құқықтар болады және оларға белгілі бір міндеттер жүктеледі.

Қажет болған жағдайларда судья жауапкерді шақырып алады, одан істің мән-жайлары бойынша жауап алады, талап қоюға қандай қарсылықтар бар екенін және бұл қарсылықтардың қандай дәлелдемелермен расталуы мүмкін екенін анықтайды. Айрықша күрделі істер жөнінде жауапкерге іс бойынша жазбаша түсінік беруді ұсынады, жауапкерге оның іс жүргізу құқытары мен міндеттерін түсіндіреді.

Жауапкермен сөйлесу барысында оның тарапынан болуы мүмкін қарсылықтарды анықтау іс үшін маңызы бар дәлелдемелерді заңмен орнатылған тәртіпте анықтауға және талап етуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге жауапкерге бірінші сатыдағы сот шешім шығарғанға дейін алғашқы талап қоюмен бірлесіп қарау үшін талап қоюшыға қарсы талап қоюға құқылы екендігі түсіндірілуі керек (ҚР АІЖК 156 б.).

Сот қажетіне қарай талапкерге және жауапкерге істі дұрыс шешу үшін қажетті болатын қосымша дәлелдемелер табыс етуді ұсынуға құқылы (ҚР АІЖК 66 б.3 т.).

Даулы қатынастардың сипатын барынша дәлірек анықтау үшін, істі дұрыс шешу үшін маңызды болатын сұрақтарды анықтау үшін талапкер мен жауапкер судьяға бір мезгілде шақыртылуы мүмкін.

Тараптарды сұрастыру барысында судья олардың арасында бітімгершілік келісімін жасауға мүмкіндіктің бар-жоғын сұрастырады. Егерде тараптар арасында бұндай келісім болса бітімгершілік келісімге келу тәртібі ҚР АІЖК 172 бабына сай іске асырылады. Ал бұндай келісімге келу мүмкіндігі болмаған жағдайда судья тараптардың арасында пайда болған даудың қандай елеулі сұрақтары бойынша келіспеушіліктер жоқ екендігін анықтауға құқылы

(мысалы, бөлінуге жататын мүлікті бағалауға қатысты). Сұрастыру барысында анықталған жайлар тараптардың арыздарымен рәсімделуі мүмкін.

Істі сотта қарауға әзірлеу барысында судья іске тең талап қоюшылардың, тең жауапкерлердің, дербес талаптарсыз үшінші тұлғалардың кіруі туралы мәселені шешеді, сондай-ақ тиісті емес жауапкерді ауыстыру туралы мәселені шешеді (ҚР АІЖК 170 б.3 т.).

Үшінші тұлғалардың іске қатысуы немесе оларды қатыстыру туралы сұрақтарды шеше отыра, судья ҚР АІЖК-нің 52 бабына сай даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғаларды іске қатыстыра алмайтынын ескеру керек, себебі, олардың өздері қажетті деп таныған жағдайда ғана өздерінің ынтасы арқылы іске қатыса алады.

Даудың нысанасына дербес талап мәлімдемейтін үшінші тұлғалар тараптардың және іске қатысушы басқа адамдардың өтінімімен немесе соттың бастамасымен іске қатысуға тартылуы мүмкін. Судья сонымен бірге іске тең жауапкерлерді де қатыстыра алады.

Істі сотта қарауға әзірлеу көлемінде судья тараптарға дауды шешу үшін олардың аралық сотқа жүгіну құқықтарын және мұндай әрекеттердің салдарын түсіндіреді (ҚР АІЖК 170 б. 4 т.). Бұл көрсетілген процессуалдық норма процессуалдық нормадан алғанда нәтижесіз болып келеді, себебі, талапкер азаматтық іс қозғалып, сотқа жолдануға қатысты біраз шығындар жасағай отыра, психологиялық тұрғыдан өзінің пайдасына сот шешімін алуға үміт алғаннан кейін сот отырысының дәл осы сатыда аяталуына ниетін білдіріп, істі тоқтатуға септігін тиізуге ниет білдіретініне күмәніміз бар. Оның үстіне сотшешімінің ғана заңды күші бар, ал ол өз шеретінде аралық соттың шешіміне қарағанда бір саты жоғары тұрады. Сондықтан да бұндай ұсыныстарды мүдделі тұлғаларға талап арызын қабылдағанға дейін айтқан жөн. Тиісінше, З.Х.Баймолдина көрсеткендей, ҚР АІЖК 170 баптың 4 тармағындағы норманы талап арызын беру тәртібін реттейтін ҚР АІЖК 14-тарауына енгізген тиімдірек болар еді.

ҚР АІЖК 170 бабының 5 тармағына сай судья істің нәтижесіне мүдделі азаматтар мен ұйымдарға істі қараудың уақыты мен орны туралы хабарлайды. Бұндай тұлғалар ретінде соттың шешімі олардың құқықтары мен міндеттеріне жанама әсер етуі мүмкін тұлғалар болып табылады (мысалы, жеке тұрғын үй қорына жататын үйдегі тұрғын жайға қатысты тараптар арасындағы дауға қатысты осы үйдің меншік иесі болып табылатын заңды тұлға мүдделі болуы мүмкін).

Іс бойынша дәлелдемелерді судья берілген талаптың сипатына және осындай қатынастарды реттейтін заңдардың сипатына қарай анықтайды. Әрбір санаттағы азаматтық істер үшін оларсыз іс соттың қарауына тағайындалмайтын дәлелдемелер орнатылған.

Куәларды сот отырысына шақыру мәселесін шешу кезінде, сонымен бірге тараптардың өтініштері бойынша жазбаша және заттай дәлелдемелерді сұрастыру барысында судья бұндай дәлелдемелердің іс үшін маңызы бар-жоғын анықтайды. Дәлелдемелердің іс үшін маңызы бар екендігін анықтау мақсатында судьяның тараптарға қандай мән-жайлар дәл осы дәлелдемелермен расталатынын сұрастыруы керек.

Тараптардың өтінімі бойынша және өз бастамасы бойынша судья сараптама тағайындай алады, содай-ақ іске маманды, аудармашыны қатыстыру туралы мәселені шешеді (ҚР АІЖК 170 б.7 т.). Сараптама тағайындалу кезінде ҚР АІЖК-нің 91 бабындағы талаптар сақталуы керек. Судья іске қатысушы тұлғаларға сарапшының алдына қойылатын сұрақтарды сотқа ұсынуға құқықтарын түсіндіреді. ҚР АІЖК 91 б.1 т. сай сараптама сарапшы арнайы ғылыми білімдер негізінде жүргізетін іс материалдарын зерттеу нәтижесінде іс үшін маңызы бар мән-жайлар анықталуы мүмкін жағдайда тағайындалады. Сарапшының алдында судьяның құзыретіне кіретін сұрақтарды шешу мәселесін қоюға тыйым салынады (мысалы, ҚР АІЖК 33 тарауына сай азаматтың әрекет қабілеттілігінің жоқтығын сот шешеді, тиісінше соттық-психиатриялық сараптама тек адамның ауруының сипаты туралы ғана мәлімет береді).

Қажетті дәлелдемелерді кейіннен ұсыну олар үшін қиынға соғады немесе мүмкін болмайды деп есептейтін тұлғалардың арыздары бойынша судья дәлелдемелерді қамтамасыз ету бойынша шараларды қолдануы керек. Мысалы, кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда іске қатысатын адамдары хабарландыра отырып, жазбаша және заттай дәлелдемелерді сол жерде тексеруді жүргізеді (ҚР АІЖК 170 б.9 т.).

Сонымен қатар осы жерде дәлелдемелерді қамтамасыз ету бойынша шараларды тек қана осы істі қарастырып жатқан сотпен ғана емес, қажетті жағдайларда басқа да соттармен іске асырылатынын айта кету керек. ҚР АІЖК-нің 75 бабына сай дәлелдемелерді қамтамасыз ету бойынша өтініш сотқа дәлелдемелерді қамтамасыз ету жөніндегі іс жүргізу әрекеттері жасалуы тиіс (куәлерды сұрастыру, қажетті жерлерді қарауды жүргізу және т.б.) аумақ бойынша беріледі. Бұндай жағдайда хаттамалар мен басқа да жинастырылған дәлелдемелер істі қарастыратын сотқа жіберіледі.

Істі сотта қарауға әзірлеу барысында судья қажетті жағдайларда сот тапсырмаларын жібереді және берілген талап арызын қамтамасыз ету мәселесін шешеді (ҚР АІЖК 170 б.10 және 11 т.).

Істі сотта қарауға әзірлеу барысында жасалатын жекелеген процессуалдық әрекеттер тиісті хаттамалармен рәсімделуі керек (ҚР АІЖК 255 б.).

Судья істі әзірлеуге қатысты ҚР АІЖК 170 бабында көзделмеген процессуалдық әрекеттерді де жасай алады. Мысалы, осындай әрекеттер жасау кезінде судья талапкерден сол немесе басқа да жауапкерлерге қатысты өзара байланысты талап талаптардың бар-жоғын анықтайды. Егерде осындай бірнеше талаптар болса, судья оларды біріктіру немесе жеке дара іс ретінде қарастыру сұрақтарын шешу керек.

ҚР АІЖК 242,243 баптарында, 247 бабының 1) – 5) тармақшаларында және 249 бабының 1) – 5), 8), 9) тармақшаларында көзделген мән-жайлар болған жағдайда оны сотта қарауға әзірлеу кезінде іс бойынша іс жүргізудің тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы не арыздың қараусыз қалдырылуы мүмкін. Тараптарға мұндай іс жүргізу әрекеттерінің салдары түсіндіріледі.

Күшін жойған бұрынғы ҚазССР-нің ҚР АІЖК-сі бұндай мүмкіндікті көздемеген болатын. Заң жүзінде енгізілген бұл новелла диспозитивтілік

принципінің кеңінен қоданылуына мүмкіндік берді. Дегенмен, ҚР АІЖК-інде бұндай әрекеттерді жасаудың тәртібі реттелмеген, ал өз ретінде едәуір кемшілік болып табылады, өйткені дәл осындай әрекеттер істің шешім шығарусыз аяқталуына әкеледі немесе істі қарастырудың жылжуын тоқтатады. Осы мәселеге З.Х.Баймолдина алғашқы болып назар аударған.⁵

Істі сотта қарауға тағайындау. Сот хабарлаулары мен шақырулары.

Істі сотта қарауға тағайындау тек оны әзірлеуге қатысты барлық қажетті әрекеттер орындалғаннан кейін іске асырылады. Бір мезгілде судья тиісті істің қоғамдық және мемлекеттік маңыздылығына қарай оны соттан тыс жерде қарастыру сұрағын шеше алады.

Судья істі дайын болды деп тани отырып, оны сот отырысында қарауға тағайындау туралы ұйғарым шығарады, тараптарға және процестің басқа да қатысушыларына істі қараудың орны мен уақыты туралы хабарлайды. Сот шақырулары мен хабарлауларына қатысты сұрақтар ҚР АІЖК 11 тарауымен реттелген.

Сотқа қатысушы адамдар, олардың өкілдері, сондай-ақ куәлар, сарапшылар, мамандар және аудармашылар сот отырысының немесе жекелеген іс жүргізу әрекеттерін жасаудың уақыты мен орны туралы хабарландырылады және соттың қағаздарымен сотқа шақырылады.

Қажет болған жағдайда, іске қатысушы адамдар, сондай-ақ куәлар, мамандар және аудармашылар хабарландырылуы немесе тапсырылғаны туралы хабарлай отырып, тапсырыстық хат, телефонограмма немесе жеделхат арқылы, сондай-ақ хабарлау мен шақырудың жасалуын қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы хабарландырылуы немесе шақырылуы мүмкін.

Хабарлаулар мен шақырулар хабарландырылған немесе шақырылған адамның сотқа уақтылы келуі және іске даярлануы үшін жеткілікті мерзім есептеле отырып жолдануы тиіс.

В.Д.Кайгородов, азаматтық іс жүргізу заңнамасында «хабарлаулар» мен «шақырулар» терминдерінің қолданылуына назар аудара отыра, олардың арасындағы айырмашылықтарды атап кеткен.

Хабарлаулар сот отырысында немесе жекелеген процессуалдық әрекеттерді жасау кезінде қатысу-қатыспауларын өз бетімен шешуге құқықтары бар іске қатысушыларға қатысты болады. Бұл тараптар мен іске қатысушы басқа да тұлғалар. Егер тиісті істің мән-жайлары бойынша қажет болса, сот тараптардың сот отырысына қатысуын міндетті деп тани алады немесе олардың қатысуы заң нормасына сай міндетті деп танылады (мыс., ҚР АІЖК 55 б.2 б., 284 б.2 т., «Неке және отбасы туралы» заңының 65 б. 3 т., 71 б.4 т., 75 б.1 т. және б.б.).

Шақырулар сот отырысына келу мен процессуалдық функцияларды орындау олар үшін міндетті болып келетін іске қатысушыларға жіберіледі (мыс., куәлар, сарапшылар, мамандар, аудармашылар).

Хабарлау немесе шақыру хабарландырылатын иә болмаса шақырылған адамға тарап немесе іске қатысатын басқа да адам көрсеткен мекен-жай бойынша жолданады. Егер сотқа хабарланған мекен-жайда азамат іс жүзінде

⁵ Баймолдина З.Х. Көрсетілген еңбек.

тұрмайтын болса, хабарлау немесе шақыру оның жұмыс орнына жолдануы мүмкін. Ұйымға арналған хабарлау немесе шақыру орнын орналасқан жеріне жіберіледі.

ҚР АІЖК 130 б. 1т. сай шақыру қағазында немесе өзге де хабарлауда, шақыруда мыналар болуы тиіс:

1) сотқа хабарланатын немесе шақырылатын адамды көрсету (тегі, аты, әкесінің аты және олар жолданатын адамның тұрғылықты жері не ұйымның атауы мен орналасқан жері);

2) соттың атауы мен мекен-жайы;

3) келетін жері мен уақыты;

4) адресатқа хабарлау немесе оның шақыру жүргізілетін істің атауы;

5) адресат кім ретінде хабарланып немесе шақырылып отырғандығын көрсету;

6) іске қатысушы тұлғаларға іс бойынша оларда бар барлық дәлелдемелерді табыс етуді ұсыну;

7) адресаттың болмауына байланысты шақыру қағазын немесе өзге де хабарламаны, шақыруды алған адамның алғашқы мүмкіндік болған кезде адресатқа тапсыруға міндеттілігін көрсету;

8) хабарланатын немесе шақырылатын адамның сотқа келмей қалу себебін сотқа хабарлауға міндетті екенін көрсету;

9) шақыру қағазын немесе өзге де хабарлауды, шақыруды жіберуші адамның қолы. Хабарлау немесе шақыру туралы телефонограмма жіберген адам оны кімге және қай уақытта бергендігін көрсете отырып өзінің қол қоюымен куәландыруы тиіс.

Шақыру қағазымен бірге судья жауапкерге талап арыздың көшірмесі мен арызға қоса берілген құжаттардың көшірмесін жібереді. Талап қоюшыға жіберетін шақыру қағазымен бірге судья жауапкердің жазбаша түсініктемелерінің көшірмесін және оған қоса, егер олар сотқа түскен болса, оларға қоса тіркелген құжаттардың көшірмесін жібереді.

Шақыру қағаздары хабардар етіліп, тапсырысты хатпен пошта арқылы жеткізіледі немесе мұны судья тапсырған адамдар жеткізеді. Шақыру қағазын адресатқа тапсыру уақыты шақыру қағазының сотқа қайтарылуға тиісті түбіршегінде белгіленеді.

Сот іске қатысушы адамның келісімімен оның қолына хабарланатын немесе іс бойынша шақырылатын адамға тапсыру үшін шақыру қағазын беруі мүмкін.

Шақыру қағазын жеткізу тапсырылған адам оны тапсырған күні көрсетілген күні және адресаттың шақыру қағазын алғандығы жөнінде қолы қойылған шақыру қағазының түбіршегін сотқа қайтаруыға міндетті.

Шақыру қағазын тапсыру тәртібі ҚР АІЖК-нің 132 бабымен реттелген.

Шақыру қағазы жіберілген азаматқа табыс етіліп, сотқа қайтарылуға тиісті түбіршегіне оның өз қолы қойылады. Ұйымға жіберілген шақыру қағазы оның өкіліне немесе басқару қызметін атқаратын тиісті адамға табыс етіледі, ол шақыру қағазының түбіршегіне оны алғандығы жөнінде өзінің қызметін, тегін және аты-жөнін көрсетіп қояды.

Егер шақыру қағазын жеткізуші адам іс бойынша хабарланатын немесе шақырылатын азаматты тұрғылықты жерінен немесе жұмысынан таба алмаса, онда шақыру қағазы олардың келісімімен – онымен бірге тұратын отбасының ересек мүшелерінің біріне, ал олар болмаған жағдайда тұрғын үй-пайдалану ұйымына, жергілікті өзін өзі басқару органына немесе адресаттың тұрғылықты жері бойынша тиісті атқарушы органға немесе оның жұмыс орнындағы әкімшілікке тапсырылады. Бұл жағдайларда шақыру қағазын қабылдап алған адам шақыру қағазының түбіршегіне өзінің тегін, атын, әкесінің атын, сондай-ақ адресатқа қатыстылығын немесе атқаратын қызметін көрсетуге міндетті. Шақыру қағазын қабылдап алған адам мүмкіндігінше кідіртпей шақыру қағазын адресатқа тапсыруға міндетті.

Мекен-жай уақытша жағдайда, шақыру қағазын жеткізуші адам шақыру қағазының түбіршегіне адресаттың қайда кеткендігін және оның қашан қайтып келуі мүмкін екендігін белгілейді. Бұл мәліметтерді – тұрғын үй-пайдалану ұйымы, жергілікті өзін өзі басқару органы немесе адресаттың тұрғылықты жері бойынша тиісті атқарушы орган немесе оның жұмыс орны бойынша әкімшілік, ал оларда бұл мәліметтер болмаған жағдайда онымен бірге тұратын отбасының ересек мүшелерінің бірі растауға және куәландыруға тиіс.

Мекен-жай шақыру қағазын немесе өзге хабарлауды, шақыруды қабылдаудан бас тартқан жағдайда оны жеткізуші немесе табыс етуші адам сотқа қайтарылатын шақыру қағазына немесе хабарлауға, шақыруға тиісті белгі соғады. Адресаттың шақыру қағазын немесе хабарлауды, шақыруды қабылдаудан бас тартуы туралы белгіні тұрғын үй-пайдалану ұйымы, жергілікті өзін өзі басқару органы немесе оның жұмыс орны бойынша әкімшілік куәландырады.

Шақырылған адамның шақыру қағазынан немесе өзге де хабарлаудан, шақырудан бас тартуы істі қарауға немесе жасалған жекелеген іс жүргізу әрекеттерін жасауға кедергі болмайды (ҚР АІЖК 133 б.).

Іске қатысатын адамдар мен олардың өкілдері іс бойынша іс жүргізетін уақытта сотқа өз мекен-жайының ауысқаны туралы хабарлауға міндетті. Мұндай хабарлау болмаған жағдайда шақыру қағазы немесе өзге де хабарлау, шақыру сотқа белгілі соңғы мекен-жай бойынша жіберіледі және шақырылушы бұл мекен-жай бойынша ендігі жерде тұрмаса да жеткізілді деп есептеледі.

Жауапкердің іс жүзінде болған жері белгісіз болған жағдайда тұрғын үй-пайдалану ұйымының, жергілікті өзін өзі басқару органының немесе жауапкердің соңғы белгілі тұрғылықты жері бойынша тиісті атқарушы органның немесе оның соңғы белгілі жұмыс орны әкімшіліктің шақыру қағазын немесе өзге де хабарлауды, шақыруды алғанын куәландыратын жазбамен олар сотқа келіп түскеннен кейін сот істі қарауға кіріседі.

Мемлекет мүдделеріне орай, сондай-ақ алименттерді өндіріп алу, асыраушысының жарақат алуымен немесе денсаулықтың зақымдануымен немесе қайтыс болуымен келтірілген зиянды өтеу туралы талап қою бойынша жауапкердің болған жері белгісіз болған жағдайда сот жауапкерді ішкі істер органдары немесе қаржы полициясы арқылы іздестіру жариялауға міндетті. Соттың жауапкерді іздестіруі жариялауы істі қарауға кедергі болмайды.

Іздестіру шаралары барысында жауапкердің жүрген жері анықталған кезде оған сотқа шақыру туралы соттың шақыру қағазы табыс етіледі.

Жауапкерді іздестіру жөніндегі шығындарды өндіріп алу ішкі істер органдарының немесе қаржы полициясының мәлімдеуі бойынша сот бұйрығын беру жолымен жүргізіледі.

3. Соттық қарастырудың бөлімдері.

Істерді сотта қарастырудың ұғымы және маңызы.

Процессуалист-ғалымдар, соттарда істерді қараудың мағынасы мен маңыздылығын көрсете отыра, сот отырысында істерді шешкенде «ең алдымен және бәрінен бұрын» сот өндірісінің міндеттері қарастырылатынын, сонымен бірге іс жүргізудің мақсаттары «барынша кеңірек» жеткізілетінін көрсетеді.⁶

Расында да, көбінесе сот істі қарастыру кезінде азаматтық сот өндірісінің ҚР АІЖК 5 бабында көзделген міндеттері атқарылады. Азаматтық істерді қарастыра отыра сот:

- азаматтардың, мемлекеттің және ұйымдардың бұзылған немесе даулы құқықтарын қорғаулы іске асырады;
- тараптардың құқықтары мен міндеттерінің немесе заңдылық маңызы бар фактінің бар-жоғын орнату арқылы істі мәнісі бойынша шешеді;
- тараптардың құқықтары мен міндеттерінің арасында нақтылықты орнату жолымен құқық туралы дауды жояды;
- құқықтың бұзылуын немесе оның бұзылу қаупін жоққа шығару арқылы заңдылықтың нығаюына септігін тигізеді;
- азаматтық, еңбек, тұрғын үйлік, отбасылық, экологиялық және т.б. материалдық құқық нормаларының бұзылуының алдын алады.

Дәл осы соттық қарастыруда сот әділдігі тікелей іске асырылады.⁷ Азаматтық істерді қарастыру барысында сотпен іске асырылатын міндеттер және осы құқық саласымен реттелетін қатынастардың маңыздылығы **сотта іс қарау институты** азаматтық іс жүргізу құқығы саласының орталық институты болып табылатыны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Соған қарамастан, ғылыми әдебиеттерде азаматтық істерді соттарда қарастырудың, оның шектері мен сот отырысымен салыстырмалығы туралы ортақ ұғым қалыптаспаған.

Азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымының бірқатар атақты өкілдері сотта іс қарауды азаматтық сот өндірісінің сатысы ретінде қарастырады.⁸ Сонымен бірге, істерді қарастыру сатысы азаматтық іс жүргізудің басқа да сатыларының арасында орталық орын алатыны, оның «басты», «әсер етуші» саты екендігі көрсетіледі. Сотта іс қараудың негізгі тағайындалуы – азаматтық істі мәнісі бойынша қарастыру және шешу. Іс жүргізудің бұл сатысы спецификалық субъектілік құраммен сипатталады. Іс жүргізудің негізгі қатысушысы ретінде бірінші инстанциялық сот болып табылады. Бұл жерде «қатысушы» деген сөзді, соттың тараптар арасындағы құқық туралы дауды шешуші субъект ретінде түсіну қажет.

Басқа ғалымдар болса, сотта іс қараудың екі мағынада түсінілуін негізге алған. Бұндай көзқарас, мысалы, И.М.Зайцевпен негізделген. Оның ойынша:

біріншіден, сотта іс қарау ретінде оның мақсаты бірінші инстанциялық сотпен азаматтық істі қарастыру және шешу болып табылатын азаматтық іс жүргізудің бір бөлігі танылса;

⁶ Трубников П.Я. Судебное разбирательство гражданских дел.-М.: Госюриздат, 1962.; Шакарян М.С. Реализация права на судебную защиту по ГПК // Проблемы применения и совершенствования ГПК РСФСР. - Калинин: КГУ,1984.; Юрков Б.Н. Проблемы судебного контроля и надзора в советском государственном управлении: Автореф. ...д.ю.н.-Харьков,1988.

⁷ Зайцев И.М. Судебное разбирательство – процессуальная функция гражданского судопроизводства // Вопросы теории и практики судебного разбирательства гражданских дел: Сб.науч.тр. –Саратов:Сарат.плитехн.ин-т,1988.

⁸ Трубников П.Я. Көрсетілген еңбегі.

екіншіден, сотта іс қарауды азаматтық сот өндірісінің өзіндік процессуалдық функциясы ретінде қарастыру керек. Бұл функция сот ісін жүргізуді қозғаумен басталады да, шешім шығарумен аяқталады деп көрсетілген.

үшіншілері болса сотта іс қарауды азаматтық іс жүргізудің бір сатысы деген ойды мойындамады. Мысалы, М.А.Гурвич, М.С.Шакарян ойларында сот өндірісінің сатысы ретінде өзіне азаматтық істі қозғаудан бастап шешім немесе басқа да қорытынды акт шығарылғанға дейінгі бірінші сатыдағы соттағы процессуалдық әрекеттердің жиынтығын қарастыру керек. Осы жайларды негізге ала отыра олар, сотта іс қарау азаматтық іс жүргізудің емес, істі бірінші инстанциялық сотта қарастырудың бір бөлігі болып табылады деген тұжырымға келген.⁹

Ұсынылған көзқарастардың соңғысымен қазақстандық ғалымдар да келісіп отыр. Мысалы, З.Х.Баймолдинаның көрсетуінше «сотта іс қарау бірінші сатылық сотта іс жүргізудің бір бөлігі ретінде бірінші сатылық соттың және азаматтық іс жүргізуге қатысушылардың істі қарастыру мен оны мәнісі бойынша шешуге бағытталған процессуалдық әрекеттерінің жиынтығы» болып табылады.¹⁰

Бірінші инстанциялық сотта істі қарау оны сот отырысында қарауға тағайындау туралы ұйғарым шығарудан басталады (ҚР АІЖК 173 б.) және тиісті сот актісін (шешім, ұйғарым және т.б.) шығарғанға дейін жалғаса береді.

Сотта істі қарау тек қана бірінші инстанциялық сотпен іске асырылмайтынын айтып кеткен жөн. Апелляциялық инстанциядағы сот та заңмен орнатылған тәртіпте азаматтық істерді мәнісі бойынша қарастырады және шешуге құқылы. Е.А.Борисов көрсеткендей, апелляция, жалпы алғанда, істі мәнісі бойынша қайта қару, қажетіне қарай қайта шешім шығару болып табылады.¹¹

Осы жерде **сотта іс қарау мен істерді қарастыру** атты екі ұғымның айырмашылығын айқындап кету керек.

Сотта іс қарау ретінде істің кез-келеген қаралуы емес, істі мәнісі бойынша шешу мақсатында оны қарастыру түсініледі. Ал **істерді қарастыру** болса барлық жағдайларда оның шешілуіне бағытталмайды. Істерді қарастыру бойынша процессуалдық әрекеттер кассациялық және қадағалау инстанциясында да жасалуы мүмкін. Бірақ, олардың мақсаты істі шешу емес – төменгі инстанциядағы соттардың шешімінің заңдылығын және негізділігін тексеру. Қателіктер немесе заң нормаларын бұзу орын алған жағдайларда кассациялық және қадағалау инстанциясының соттары көбінесе істерді қайта зерттеуге және қарауға қайтарады. Сондықтан да, «сотта істі қарау» термині қадағалау инстанциясының соттарына қатысты қолданылмайды, олардың қызметіне қатысты «тексеру» термині дәлірек келеді.

Азаматтық істерді дұрыс және уақтылы қарастыру мен шешу бойынша міндеттерді орындау азаматтық сот ісін жүргізу принциптерін қатаң түрде сақтағанда ғана мүмкін болады. ҚР АІЖК 174 бабымен және басқа да заң

⁹ Гурвич М.А. Основные черты гражданского процессуального правоотношения // Сов.гос-во и право.1972.№12, Шакарян М.С. Көрсетілген еңбегі.

¹⁰ Баймолдина З.Х. Көрсетілген еңбек. 38 бет.

¹¹ Борисова Е.А. Апелляция в гражданском и арбитражном процессе. – М.:Городец,1997г.

актілерімен орнатылған азаматтық істерді қарастыру бойынша іс жүргізу мерзімдерін сақтау, іске қатысушы тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау әділ сотты іске асырудың бірден бір қажетті шарты болып табылады.

Осындай кездерде тек қана іс жүргізу заңдары мен материалдық құқық нормаларын сақтау емес, сонымен бірге сот қызметінің мәдениетін қамтамасыз ету де маңызды болып келеді. Соттың беделі және іске қатысушылар мен сот отырысы залына келіп отырған халыққа тәрбиелеу тұрғысынан әсер ету судьяның әрекеттеріне байланысты болады. Сотқа және заңға деген сыйлаушылық көзқарас, сонымен бірге, келесі факторларға да қатысты болады: судьяның сұрақтарды шешуге салмақты және сабырлы қарауы, судьямен заң терминологияларын дәлме-дәл және түсінікті етіп қолдануы, судьяның әрекеттеріне күмән келтірмейтін, сенім білдіретін дауыспен іс жүргізу, тараптарға тең қарау («Россия» телеарнасынан көрсетілетін «Час суда» бағдарламасының судьяларын мысал ретінде келтіруге болады).

Сотта іс қараудың құрамдас бөлігі болып табылатын сот отырысының өзін бірнеше бөліктерге бөлу көзделген. Сот отырысының әрбір бөлігінде жасалатын процессуалдық әрекеттердің жиынтығы өзінің мақсатын көздейді және олар істі сотта қарауға байланысты нақты сұрақтарды шешуге бағытталған.

Істі бірінші инстанциялық сотта қарастыру төр бөлімнен тұрады:

- дайындық бөлімі.
- істі мәнісі бойынша қарастыру;
- сот жарыссөздері және жалпы, істің мәнісі бойынша басталған іске қатысқан прокурордың қорытындысы;
- шешім шығару және оны жариялау.

Ал, енді сот отырысының осы бөлімдеріне жеке-жеке сипаттама жасап кетейік, себебі олардың барлығын бірге алғанда да, жеке қарастырғанда да істің тиімді қарастырылуы мен шешілуі үшін маңызы зор.

Дайындық бөлімі. Бұл бөлімде осының алдындағы процессуалдық әрекеттердің, яғни, азаматтық істі сотта қарауға дайындаудың қорытындылары жасалады және істі мәнісі бойынша шешу үшін одан әрі сот қызметіне қажетті жағдайлар жасалады.¹²

П.П.Гуреевтің айтуынша, дайындық бөлімінің міндеті – істі дәл осы сот отырысында қарастыру және шешу үшін жағдайлардың бар-жоғын тексеру.¹³

Дайындық бөлімінің міндеттерін дәл осындай тұрғыдан П.Я. Трубников та қарастырған. Ол сот «осы сот отырысында істі мәні бойынша толық және дұрыс қарастыру, содан соң шешу үшін мүмкіндіктердің бар-жоғына қатысты сұрақтарды анықтайды және шешеді» деп көрсеткен.¹⁴

Сотпен дайындық бөлімінде қарастыруға тиіс негізгі сұрақтарға келесі мүмкіндіктерді анықтау болып табылады:

- істі осы сот құрамында қарастыру;
- істі қолдағы дәлелдемелер негізінде қарастыру және шешу мүмкіндігі;

¹² Жилин Г.А. Цели гражданского судопроизводства и их реализация на судебную защиту. Дисс. ...к.ю.н.-М.:1996г.

¹³ Гуреев П.П. Көрсетілген еңбегі.

¹⁴ Трубников П.Я. Көрсетілген еңбегі.

- істі іске қатысушылардың бірі жоқ болған жағдайда қарастыру және шешу мүмкіндігі.

Дайындық бөлімінде жасалатын процессуалдық әрекеттер және оларды жасаудың тәртіптері ҚР АІЖК 180-191 бб. көзделген және бұл талаптардан қандай да болмасын ауытқу заңмен көзделмеген. Сонымен, **дайындық бөлімінде жасалатын процессуалдық әрекеттер** мынадай:

1. сот отырысын ашу;
2. іс жүргізуге қатысушылардың келуін тексеру;
3. аудармашыға оның міндеттерін түсіндіру;
4. куәларды сот отырысы залынан шығару;
5. сот құрамын жария ету және қарсылық білдіру құқығын түсіндіру;
6. іске қатысушыларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;
7. соттың іске қатысушы адамдардың өтініштерін шешуі;
8. іске қатысушы адамдар мен өкілдердің сот отырысна келмеуіне байланысты сұрақтарды шешу;
9. сот отырысына куәнің, сарапшының, маманның, аудармашының келмеуіне байланысты сұрақтарды шешу;
10. істі қарау кейінге қалдырылған кезде куәлардан жауап алу;
11. сарапшы мен мамандарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру.

Енді, азаматтық істерді сотта қарауға байланысты дайындық бөліміне жататын осы процессуалдық әрекеттерді жеке-жеке қарастырып кетейік.

Сот отырысын ашу (ҚР АІЖК 180 б.). Істі қарау үшін белгіленген уақытта төрағалық етуші сот отырысын ашады және қандай азаматтық іс қаралуға тиіс екендігін жария етеді.

Бұл әрекет сотпен талапкердің, жауапкердің немесе басқа да қатысушылардың келу-келмеуіне қарамастан жасалады. И.К.Пискарев көрсетіп кеткендей, іске қатысушылардың біреуінің келмей калуына байланысты заңмен орнатылған тәртіпті сақмай істі кейінге қалдыру, осы келген басқа тұлғалардың мүдделерін кемсітеді, қалыптасқан жағдайға байланысты өздерінің ойларын білдіру мүмкіндігінен айырады, қарсылық білдіру немесе өтініш беруден айырылады.

Іс жүргізуге қатысушылардың келуін тексеру (ҚР АІЖК 181 б.). Сот отырысының хатшысы іс бойынша шақырылған адамдардан кімнің келгенін, келмеген адамдарға хабар берілген берілмегенін және олардың келмеу себептері туралы қандай мәліметтердің бар екенін сотқа баяндайды.

Төрағалық етуші келгендердің кім екендігін анықтайды, сондай-ақ лауазымды адамдар мен өкілдердің өкілеттіктерін тексереді.

Аудармашыға оның міндеттерін түсіндіру (ҚР АІЖК 182 б.). Бұл процессуалдық әрекет сот отырысының ең басында жасалады, себебі, сот отырысы жүргізіліп жатырған тілді білмейтін тұлға жасалып жатырған барлық процессуалдық әрекеттер туралы білуге толығымен мүмкіндігі болуы керек. Аудармашысыз оның бұндай мүмкіндігі жоқ. Сондықтан да төрағалық етуші аудармашыға – оның сот жүргізіліп отырған тілді білмейтін адамдардың түсіндірілмейтін, айғақтарын, мәлімдемелерін, ал бұл адамдарға іске қатысушы адамдар мен куәлардың түсіндірмелерінің, айғақтарының,

мәлімдемелерінің, жария етілетін және істе бар құжаттардың, дыбыс жазбалардың, сарапшылар қорытындыларының, мамандар консультацияларының, сондай-ақ судья өкімдерінің, сот қаулылары мен шешімдерінің мазмұны аудару міндетін түсіндіреді.

Сонымен бірге, төрағалық етуші аудармашыға көрінеу дұрыс аударма жасамағаны үшін ҚР ҚК 352 және 353 бб. көзделген жауапкершілік жөнінде ескертеді. Аудармашының бұл туралы қолхаты сот отырысының хаттамасына қоса тіркеледі. Аудармашы сотқа келуден немесе өз міндеттерін орындаудан жалтарған жағдайда оған әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарға сәйкес әкімшілік жаза белгіленуі мүмкін.

Бұндай ережелер сақау-мылқаулардың белгілерін, әрекеттерін аударатын сурдоаудармашыларға да қатысты қолданылады.

Куәларды сот отырысы залынан шығару (ҚР АІЖК 183 б.). Іске қатысуға келген куәлар сот отырысы залынан іске қатысушылар тізімін тексергеннен кейін дереу шығарылады. Олар сот отырысы залынан шығарылмастан бұрын олардың бір бірден шақырылатыны туралы түсіндіріледі. Куәларды сот отырысы залынан шығару куә көрсетулерінің «қол сұқпаушылығын», олардың жасаған көрсетулерінің мазмұны өзгертілмеуін қамтамасыз ету үшін жасалады.

Сондықтан да, төрағалық етуші жауап алынған куәлардың жауап алынбаған куәлармен сөйлеспеуіне шаралар қолданады.

Сот құрамын жария ету және қарсылық білдіру құқығын түсіндіру (ҚР АІЖК 184 б.). Сот құрамын жариялаған кезде төрағалық етуші өзінің аты-жөн мен тегін айтады, ал істі қарау алқалы түрде жүргізілген жағдайда басқа да судьялардың аты-жөн мен тегі хабарланады. Соңғы жағдайда кім төрағалық етуші ролін атқаратыны қосымша хабардар етіледі.

Одан әрі төрағалық етуші прокурор, сарапшы, маман, сот отырысының хатшысы, сот приставы ретінде кімдердің қатысатынын хабарлайды және іске қатысушы адамдарға олардың қарсылық білдіру құқығын түсіндіреді.

Қарсылық білдірудің процессуалдық негіздері ҚР АІЖК 40-43 баптарында көзделген. Егер судья:

- осы істі мұның алдындағы қарау кезінде куә, сарапшы, маман, аудармашы, өкіл, сот отырысының хатшысы, сот орындаушысы, сот приставы ретінде қатысса;

- іске қатысушы адамдардың немесе олардың өкілдерінің біреуінің туысы болса;

- істің нәтижесінде жеке, тікелей немесе жанама түрде мүдделі не оның әділдігіне негізді күмән туғызатын өзге де мән-жайлар болса, ол істі қарауға қатыса аламайды және оған қарсылық білдірілуге тиіс (ҚР АІЖК 40 б. 1 т.).

Сонымен бірге, ҚР АІЖК 39 бабына сай судья бір қараған істі екінші мәрте қарай алмайды. Яғни, бұл жағдай да қарсылық білдіру негізіне жатады.

ҚР АІЖК 40 б. 1 т. көрсетілген қарсылық білдіру негіздері прокурорға, сарапшыға, маманға, аудармашыға, сот отырысының хатшысына, сот приставына да қатысты қолданылады.

Сонымен қатар сарапшы немесе маман, егер:

- ол іске қатысушы адамдарға немесе олардың өкілдеріне қызмет жағынан немесе өзгедей тәуелді болса немесе тәуелділікте болып келсе;

- ол тексеру жүргізіп, оның материалдары сотқа жүгінугетнегіз болса не осы азаматтық істі қарағанда пайдаланылса, істі қарауға қатыса алмайды.

Прокурордың, сарапшының, маманның, аудармашының, сот отырысы хатшысының, сот приставның осы істі мұның алдында қараған кезде тиісінше прокурор, сарапшы, маман, аудармашы, сот отырысының хатшысы, сот приставы ретінде қатысуы оларға қарсылық білдіруге негіз болып табылмайды (ҚР АІЖК 41 б. 3 т.).

Іске қатысушыларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру (ҚР АІЖК 185 б.). Төрағалық етуші іске қатысушы тұлғалардың іс материалдарымен танысуға; олардың үзінділер жазып алуға және көшірмелер түсіруге; қарсылықтарын мәлімдеуге; дәлелдеме табыс етуге және оларды зерттеуге қатысуға; іске қатысушы басқа адамдарға, куәларға, сарапшылар мен мамандарға сұрақтар қоюға; өтініш жасауға, соның ішінде қосымша дәлелдеме талап ету туралы өтініш жасауға; сотқа ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге; сот процесі барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдерін келтіруге; іске қатысушы басқа тұлғалардың өтінімдері мен дәлелдеріне қарсылық білдіруге; сот жарыссөздеріне қатысуға; сот отырысының хаттамасымен танысуға және жазбаша ескертпелер беруге; соттың шешімі мен ұйғарымына шағымдануға; азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңдарда берілген басқа да іс жүргізу құқықтарын пайдалануға құқығы бар екендігін түсіндіреді..

Сонымен бірге, іске қатысушылар өздеріне берілген құқықтарды адал пайдалануға тиіс, әйтпесе оларға қатысты заңда көзделген жағымсыз салдар орын алады.

Төрағалық етушінің іске қатысушыларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіргендігі туралы сот отырысының хаттамасында көрсетілуі тиіс.

Соттың іске қатысушы тұлғалардың өтініштерін шешуі (ҚР АІЖК 186 б.). Төрағалық етуші іске қатысушы тұлғалардың және олардың өкілдерінің істі қарауға байланысты сұрақтар бойынша арыздары немесе өтініштері бар-жоғын анықтайды. Арыздар мен өтініштер ауызша немесе жазбаша нысанда жасалады. Ауызша арыздар мен өтініштер сот отырысының хаттамасына жазылады, ал жазбаша нысанда берілгендері – іс материалдарына тіркеледі.

Осындай арыздар мен өтініштер орын алған жағдайда сот іске қатысушы тұлғалардың пікірлерін тыңдайды, содан соң оларды қанағаттандыру немесе қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарады. Әдетте, бұндай сот ұйғармы дереу сол кезде сот отырысы залында шығарылады және жарияланады, ол туралы хаттамаға жазылады.

Дәл осы сот отырысында істің қаралуын мүмкін емес қылатын өтініш қанағаттандырылғаннан кейін, сот істі қарауды тиісті ұйғарым шығару жолымен кейінге қалдырады немесе тоқтата тұрады. Сондықтан да сот отырысы аяқталғанымен, сотта бұл істі қарау тоқтатылмайды, ол келесі сот отырысында істің қосымша мән-жайлары анықталғаннан кейін жалғасады.

Іске қатысушы адамдар мен өкілдердің сот отырысына келмеуіне байланысты сұрақтарды шешу (ҚР АІЖК 187 б.). Бұл сұрақ сотпен анықталады, себебі, іске қатысушы тұлғаның әр түрлі себептермен және басқа

да жағдайлармен сот отырысына келмей қалуы заңнамаға сай түрлі процессуалдық салдарды тудырады.

ҚР АІЖК 129 б. сай іске қатысушы тұлғаларға хабарлаулар мен шақырулар сотқа ауқтылы келуі немесе іске даярлануы үшін жеткілікті мерзімі болуы есептеле отырып жолданылады.

Сондықтан да, іске қатысушы тұлғалардың біреуі сот отырысына келмеген жағдайда, оларға хабарланғаны туралы мәліметтер жоқ болса, істі қарау кейінге қалдырылады.

Іске қатысушылар келмеу себептері туралы сотқа хабарлауға және бұл себептердің дәлелді екендігіне дәлелдемелерді ұсынуға міндетті.

Егерде сот отырысына тиісінше хабарланған іске қатысушылар келмеген жағдайда сот олардың келмей қалу себептерін анықтайды да, келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

- олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарай береді;
- олардың келмеу себептері дәлелді деп танылса, сот істі қарауды кейінге қалдырады.

Егерде сот отырысына жауапкер келмеген жағдайда, судья істі сырттай іс жүргізу тәртібімен қарастыра алады. Бірақ ол үшін төменде көрсетілген жағдайлар орын алуы шарт болады (ҚР АІЖК 260 б. 1 т.):

- жауапкерге сот отырысының орны мен уақыты тиісті түрде хабарланса;
- жауапкер келмей қалуының дәлелді себептерін хабармаса;
- жауапкер істі өзі жоқта қарауды сұрамаса;
- жауапкер сот отырысына келмей қалған жағдайда, талапкер істің ол жоқта қаралуына қарсы болмаса.

Тараптар соттан істі олардың қатысуынсыз қарау және оларға шешімнің көшірмесін жіберу туралы жазбаша өтініш бере алады.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарланған іске қатысушы тұлға өкілінің келмеуі істі қарауға кедергі бола алмайды. Бірақ, іске қатысатын адамның өтініші бойынша сот оның өкілі дәлелді себептермен келмеуіне байланысты істі қарауды кейінге қалдыра алады.

Сот отырысына куәнің, сарапшының, маманның, аудармашының келмеуіне байланысты сұрақтарды шешу (ҚР АІЖК 188 б.). Аталғандардың қайсысы болмасын сот отырысына келмей қалған жағдайда, сот іске қатысушы адамдардың істі олар жоқта қарау мүмкіндігі туралы пікірін тыңдап, сотта іс қарау жалғастыру немесе оны кейінге қалдыру туралы ұйғарым шығарады.

Егерде сот отырысына келмей қалған куәнің көрсетулері іс үшін маңызы бар деп танылса, сот істі қарауды кейінге қалдырады.

Сарапшының келмей қалуы істің кейінге қалдырылуына келесі жағдайларда негіз болуы мүмкін: сарапшы қорытындыларына қатысты күмән туса, оның берген жазбаша қорытындылары бойынша қосымша сұрақтар пайда болса немесе сарапшы қорытындылары іс бойынша жиналған басқа да дәлелдемелерге қайшы келсе және т.б.

Сот отырысына аудармашы келмеген жағдайда, егер аудармашыны ауыстыру мүмкіндігі болмаса, сот істі қарауды кейінге қалдыру туралы ұйғарым шығарады.

Егер іске шақырылған куә, сарапшы, маман немесе аудармашы сот отырысына сот дәлелді емес деп таныған себептер бойынша келмесе, олар әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарға сәйкес әкімшілік жазаға тартылуы мүмкін. Сонымен бірге, қажетті жағдайларда (ҚР АІЖК 120 б.) олар сотқа мәжбүрлеп те келтірілуі мүмкін.

Куәгерлік көрсетулер беруден босатылған жағдайларды қоспағанда (ҚР Конституциясының 77 б. 3 т. 7 тармақшасы, ҚР АІЖК 17 б.), сотта айғақ беруден бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін куә ҚР ҚК 353 б. қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Істі қарау кейінге қалдырылған кезде куәлардан жауап алу (ҚР АІЖК 190 б.). Істі қарау кейінге қалдырылған кезде куәлардан жауап алу туралы нормалардың өзіндік спецификалық маңызы бар. Олар куәлар ретінде іске шақырылған азаматтардың уақытын үнемдеуге, осы куәлар келмей қалуы себептерінен істің қайтадан кейінге қалдырылуу мүмкін болатын жағдайлардың алдын алуға бағытталған. Сонымен бірге, соттың тиісті процессуалдық әрекеттері істің дұрыс және уақтылы шешілуіне септігін тигізуі керек.¹⁵

Көрсетілген жағдайда куәлардан жауап алу соттың міндеті емес, құқығы болып табылады. Бұл куәларды жаңа сот отырысына екінші рет шақыруға қажет болған жағдайларда ғана жол беріледі.

Сарапшы мен мамандарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру (ҚР АІЖК 191 б.). Төрағалық етуші сарапшы мен маманға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, сарапшыға көрінеу жалған қорытынды бергені үшін ҚР ҚК-нің 352 б. сай қылмыстық жауапкершілік туралы ескертеді, ол туралы сарапшыдан қолхат алынады және ол сот сот отырысының хаттамасына қоса тіркеледі.

Сарапшыға қарағанда, маман көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауапкершілік туралы ескертілмейді.

Істі мәні бойынша қарау

Сотта іс қараудың осы бөлігінде жасалатын процессуалдық әрекеттер ҚР АІЖК 192-210 баптарымен реттелген.

Сотта іс қараудың бұл бөлігінің негізгі міндеті – іс үшін қажетті фактілердің бар-жоғын растайтын дәлелдемелерді зерттеу арқылы азаматтық істің мән-жайларын анықтау. Істі мәні бойынша қарау сотқа істің зерттелген дәлелдемелерін және басқа да назар аударуды талап ететін фактілерін зерттеу негізінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін анықтауға мүмкіндік береді.

Істі мәні бойынша қараудың тағы бір міндеті ретінде процесті құқық туралы дау субъектілерінің диспозитивтілік құзыреттеріне сай, дауласушы субъектілердің еріктерін ескере отырып шешу болып табылады.¹⁶

Істі мәні бойынша қарау төрағалық етушінің талапкердің өз талаптарын қолдайтын-қолдамайтыны, жауапкер талапкердің талаптарын мойындайтын-мойындамайтыны және тараптардың істі бітімгершілік келісімімен аяқтауды немесе істі аралық сотқа беруді қалайтын-қаламайтындығы туралы мәселелерді анықтаудан басталады (ҚР АІЖК 192 б.).

¹⁵ Г.А.Жилин Көрсетілген еңбегі.

¹⁶ Жилин Г.А. Көрсетілген еңбегі.

Содан соң, сот **іске қатысушы адамдардың түсініктемелерін тыңдауға** (ҚР АІЖК 194 б.) кіріседі. Сот талапкердің және оның тарапынан қатысатын үшінші тұлғаның, содан соң жауапкердің және оның тарапынан қатысатын үшінші тұлғаның, кейіннен іске қатысушы басқа да адамдардың түсініктемелерін тыңдайды. Ал егерде іске прокурор, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін өзі басқару органдарының, ұйымдардың өкілдері, сотқа басқа да адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға жүгінген азаматтар қатысса, олар бірінші болып түсініктемелер береді.

Іске қатысушы тұлғалардың түсініктемелерін тыңдаған соң, **сот істің мән-жайларын анықтауға және дәлелдемелерді зерттеуге** кіріседі (ҚР АІЖК 195-209 бб.). Сот іске қатысушылардың түсініктемелерін тыңдап және олардың пікірлерін ескеріп, өзге дәлелдемелерді зерттеудің (куәлардың көрсетулері, жазбаша және ауызша дәлелдемелер, сарапшы қорытындылары және т.б.) тәртібін белгілейді.

Дәлелдемелерді зерттеудің тәртібі іске қатысты нақты мән-жайларды қарастыруға қатысты орнатылады. Соған қарамастан, сот іске қатысты барлық дәлелдемелерді және басқа да мән-жайларды тиянақты зерттеуі керек.

Тәжірибеде дәлелдемелерді зерттеу көбінесе **куәларды сұраудан** (ҚР АІЖК 196-200 бб.) басталады. Куәдан жауап алмастан бұрын төрағалық етуші оның құқықтары мен міндеттерін, жалған көрсетулері үшін жауапкершілік туралы, қандай жағдайларда көрсетулер беруден бас тарта алатыны туралы ескертеді.

Он алты жасқа толмаған куәға судья оған іс бойынша мәлім болған нәрсенің бәрін шынайы айтып беру міндетін түсіндіреді, бірақ оған жауап беруден бас тартқаны үшін және көрінеу жалған жауап бергені үшін қылмыстық жауапкершілік жөнінде ескертілмейді.

Он төр жасқа толмаған куәдан жауап алу, ал соттың қалауы бойынша он төрт жас пен он алты жас аралығында куәдан жауап алу да сотқа шақырылатын педагогтың қатысуымен жасалады. Қажет болған жағдайларда кәмелетке тлмағанның заңды өкілдері де шақырылады. Аталған адамдар төрағалық етушінің рұқсатымен куәға сұрақ қоя алады, сондай-ақ куәнің жеке басына және оның берген айғақтарының мазмұнына қатысты өз пікірін айтады.

Жауап әлдеқандай цифрлармен немесе есте сақтау қиын басқа деректермен байланысты болған жағдайларда, куә жауап беру кезінде жазбаша материалдарды пайдалана алады. Бұл материалдар сотқа және іске қатысушы адамдарға көрсетіледі және соттың ұйғарымы бойынша іске қоса тіркелуі мүмкін.

Азаматтық істі сотта қарастыру барысында **жазбаша және заттай дәлелдемелерді зерттеу** ҚР АІЖК 201-204 баптарына сай жүргізіледі. Бұл нормаларға қатысты ережелерді біздер “Дәлелдемелер және дәлелдеу” атты тақырыптан егжей-тегжейлі қарастырған болатынмыз.

Сарапшы қорытындысын зерттеу (ҚР АІЖК 206 б.) сотта істі қарау кезінде іске асырылады. Сарапшы қорытындысы сот отырысында жария етіледі. Қорытынды түсіндіру және оны толықтыру мақсатында срапшыға сұрақтар қойылуы мүмкін. ҚР АІЖК 98 бабында көзделген жағдайларда сот қосымша және қайта сараптама тағайындауы мүмкін.

Істің мән-жайларын қосымша анықтау мақсатында сот ҚР АІЖК 207 бабында көзделген нормаларға сәйкес іс бойынша **маманның консультациясын (түсіндірмелерін)** алуы мүмкін. Сот маманды процессуалдық әрекеттерді іске асыру кезінде арнайы білімдерді қолдануды талап ететін жағдайларда шақырады (мысалы, жазбаша немесе заттай дәлелдемелерді зерттеген кезде).

Консультацияны түсіндіру және толықтыру мақсатында маманға қосымша сұрақтар қойылуы мүмкін. Арызы бойынша маманды тартқан адам және оның өкілі бірінші болып, ал содан соң іске қатысушы басқа адамдар және өкілдер сұрақ қояды. Сот шақырған маманға бірінші болып талапкер және оның өкілі сұрақ қояды. Сот болса, маманға кез кеген сәтте сұрақ қоя алады.

Сот жарыссөздері және прокурор қорытындысы

Сот жарыссөздері сотта іс қараудың жеке бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл бөлімде іс бойынша зерттелген дәлелдемелер мен оның мән-жайларына қорытынды жасалады.

Сот жарыссөздері іске қатысушы адамдар мен олардың өкілдерінің сөздерінен тұрады (ҚР АІЖК 211 б. 1 т.).

Алдымен талапкер және оның өкілі, ал содан соң жауапкер мен оның өкілі сөз сөйлейді. Басталып кеткен іс жүргізуге даудың нысанасы бойынша дербес талаптар қойған үшінші тұлға мен оның өкілі тараптар мен олардың өкілдерінен кейін сөз сөйлейді. Ал, даудың нысанасына дербес талаптар қоймайтын үшінші тұлғалар мен олардың өкілдері болса, олар кімнің жағында қатысып отырғанына байланысты талапкерден немесе жауапкерден кейін сөз сөйлейді.

Жарыссөзге қатысушылардың барлығы сөз сөйлеп болған соң олар сөздерінде айтылғандарға байланысты екінші рет сөз сөйлей алады. Соңғы реплика құқығын үнемі жауапкер мен оның өкіліне беріледі (ҚР АІЖК 212 б.).

Сот басқа тұлғалардың ынтасымен басталған іс жүргізудегі жарыссөздерінде барлығын тыңдап болған соң **прокурордың қорытындысын** (ҚР АІЖК 213 б.) тыңдайды. Процессуалдық нормаға сай, іс бойынша тарап болып табылмайтын және ҚР АІЖК 55 б. 2 т. көзделген тәртіппен іс жүргізуге қатысушы прокурор сот жарыссөздерінен кейін жалпы істің мәні бойынша қорытынды береді.¹⁷

Егер олар бұл мән-жайлар мен дәлелдемелерді істің мәні бойынша қарау аяқталмай тұрып өз мәлімдемелерінде көрсетпесе, сот жарыссөздеріне қатысушылар да, іс бойынша қорытынды жасаған прокурор да өз сөздерінде сот анықтамаған мән-жайларға, сондай-ақ сот отырысында зерттелмеген дәлелдемелерге сілтеме жасауға құқығы жоқ.

Сот жарыссөздері кезінде немесе одан кейін іс үшін маңызы бар жаңа мән-жайларды анықтау немесе жаңа дәлелдемелерді зерттеу қажет деп тапса, ол істі мәні бойынша қарауды қайта жалғастыру туралы ұйғарым шығарады. Істі мәні бойынша қарау аяқталғаннан кейін қайтадан өткізілетін сот жарыссөзі жалпы тәртіппен жүргізіледі.

¹⁷ Бұндай қорытынды және оның құрылымы туралы жалпы бөлімді оқыған кезде “Азаматтық іс жүргізуге прокурордың, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін өзі басқару органдарының, басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғайтын ұйымдар мен жекелеген азаматтардың іс жүргізуге қатысуы” атты тақырыпта қарастырған болатынбыз.

Шешім шығару және оны жариялау

Сот отырысында азаматтық істі қарауды соңғы сатысы ретінде шешімді шығару және жариялау болып табылады. Сотта іс қараудың осы бөлімінде бірінші инстанциялық соттың тиісті азаматтық істі қарастыру бойынша бүкіл қызметіне қорытынды жасалады.

Сот жарыссөдері аяқталғаннан кейін, ал іске прокурор қатысқан жағдайда (ҚР АІЖК 213 б.) онымен қорытынды жасалғаннан кейін, сот шешім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кетеді, бұл туралы төрағалық етуші сот отырысы залында отырғандарға хабарлайды.

Шешім кеңесу бөлмесінде шығарылады. Бұл бөлмеде өзге адамдардың болуына жол берілмейді. Жұмыс уақытының аяқталуына қарай, сондай-ақ жұмыс күні ішінде сот (судья) кеңесу бөлмесінен шығып демалу үшін үзіліс жариялауға құқылы (ҚР АІЖК 217 б.2 б.).

Судья кеңесу бөлмесінде іс бойынша қорытынды шешім шығару үшін келесі сұрақтарды шешеді:

- іс үшін маңызы бар қандай мән-жайлар орнатылды, қайсылары орнатылмады; тараптар мен үшінші тұлғалар жүгінген жайлар орын алды ма; қандай дәлелдемелермен бұл мән-жайлар расталады немесе жоққа шығарылады;

- дәлелдемелерге баға береді (дәлелдемелердің іске қатыстылығын, қолданылатындығын, ақиқатқа сай екендігін, жеткілікті-жеткіліксіз екендігін анықтайды) және олардың нәтижесінде сол немесе басқа дәлелдемелер сотпен қайтарылуы мүмкін;

- тараптардың құқықтық қатынастарын және оларды шешу үшін қолданылуға тиісті материалдық немесе процессуалдық құқық нормаларын орнатады;

- іс қалай шешілуі керек екендігін орнатады: ұсынылған талап қанағаттандырылуға жата ма (қай бөлігінде), жатпай ма екендігін анықтайды;

- іс бойынша сот шығындарын бөлу сұрақтарын шешеді;

- шешімді дереу орындау үшін немесе оны орындауды кейінге қалдыру, иә болмаса тоқтата тұру үшін негіздердің бар-жоғын анықтайды.

Шешімді жариялау. Сот шешімге қол қойғаннан кейін сот отырыс залына қайтып келіп, сот шешімін жариялайды. Содан кейін шешімге шағымданудың тәртібі мен мерзімдері түсіндіріледі.

Шешім шығарылған кезде судья іске қатысушыларға және өкілдерге шешіммен қашан танысуға және оның көшірмесін алуға болатынын жариялауға міндетті (ҚР АІЖК 216 б.).

4. Істі қарастыруды тоқтата тұру мен кейінге қалдырудың негіздері. Сот мәжілісінің хаттамасы.

Істі қарастыруды кейінге қалдыру – бұл істі қарауды және оны мәні бойынша шешуді сотпен орнатылған уақытқа және орнына жаңа сот отырысына ауыстыру.

Істі қарастыруды кейінге қалдыру істі қарауға кедергі болатын жағдайларды жою үшін іске асырылады. Сондықтан да істі кейінге қалдыру оны дәл осы сот отырысында қарастыруға мүмкін болмаудың процессуалдық салдары.

Занда істі қарауды кейінге қалдырудың нақты негіздерінің тізімін көзделмеген. ҚР АІЖК 189 б. 1 т. сай істі қарауды кейінге қалдыру екі жағдайда іске асырылуы мүмкін:

1. заң істі қарауды кейінге қалдыруды көздейді;
2. сот істі дәл осы сот отырысында қарау мүмкін емес деп таниды.

Істі қарауды кейінге қалдыру *заңмен көзделген қажетті жағдайларда* міндетті болып табылады және келесі кездерде орын алуы мүмкін:

- іске қатысушы адамдардың біреуі сот отырысына келемеген жағдайда, оларға хабарланғаны жөнінде мәліметтер жоқ болса (ҚР АІЖК 187 б. 2 т.);
- егер іске қатысушы адамдар сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті хабарланғанның өзінде, олардың келмеу себептері дәлелді деп танылса (ҚР АІЖК 187 б. 3 т.);
- сот тараптардың сот отырысына қатысуы міндетті деп танылған жағдайда олар келмей қалса (ҚР АІЖК 187 б. 5 т.);
- іске қатысатын адамның өтініші бойынша сот оның өкілі дәлелді себептермен келмей қалды деп таныса (ҚР АІЖК 187 б. 6 т.);
- іске сарапшының, маманның, куәнің келмей қалу салдарынан олардың қатысуынсыз істі қарастыру мүмкін болмаса (ҚР АІЖК 188 б. 1 т.);
- сот отырысына келмей қалған аудармашыны ауыстыру мүмкін болмаса (ҚР АІЖК 188 б. 2 т.);
- іске қатысушылар жаппай тәртіп бұзу кесірінен істі қарау мүмкін болмаса (ҚР АІЖК 179 б. 6 т.);
- ерлі-зайыптылардың біреуінің тарапынан некені бұзуға қатысты қарсылық болса, сот олардың өзара татуласуына үш ай мерзім бере отыра істі қарауды кейінге қалдырады (ҚР «Неке және отбасы туралы» заңының 19 б. 2 т.).

Істі дәл осы сот отырысында қарау мүмкін емес деп сотпен танудың негіздері ретінде әр-түрлі жағдайлар болуы мүмкін. Олардың қатарына келесілерін жатқызуға болады:

1. іске қатысушылардың біреуінің келмей қалуы;
2. жаңа дәлелдемелерді ұсыну немесе талап ету қажеттігінің туындауы;
3. қарсы талап қойылса;
4. тиісті емес жауапкер ауыстырылса;
5. іске басқа да тұлғаларды қатыстыру қажеттігі;
6. істі одан әрі қарауды мүмкін қылдырмауға әкелген өтінішті қанағаттандыру.

Сонымен бірге, істі қарауды кейінге қалдыру судьяға қатысты қарсылық немесе судьяның өзі өз-өзіне қарсылық жариялағанда іске асырылады. Себебі,

жаңа сот отырысының уақыты судьяның іспен танысуға уақытын ескере отыра кейінге қалдырылады. Сонымен бірге, бұндай талаптар прокурорға, сарапшыға, маманға, аудармашыға, сот отырысының хатшысына, сот приставына қарсылық білдірілген және оларды ауыстыру дәл сол кезде мүмкін болмаған кездерде қолданылады.

Істі қарауды кейінге қалдырған кездерде азаматтық істің алға жүріп отыруы тоқталмайды, сондықтан да *істі қарауды кейінге қалдыру іс жүргізу мерзімдерінің ағымын тоқтатпайды.*

Істі қарауды кейінге қалдыру туралы сотпен ұйғарым шығарылады. Онда келесі мәліметтер көрсетіледі:

- кейінге қалдыру себептері;
- кіммен және қандай әрекеттер жасалуы керек (мыс., кім және қанша мерзімде қандай дәлелдемелер ұсынуы керек);
- жаңа сот отырысын өткізудің уақыты мен орны.

Істі қарауды кейінге қалдыру туралы сот ұйғарымына шағым немесе наразылық келтіруге болмайды, себебі ол істің одан әрі жылжуына кедергі болмайды, ол, керісінше, кедергілерді жою үшін кейінге қалдырылады.

Сот құрамының өзгеруі және олармен істі жаңа сот отырысында қарастыруы куәларды екінші рет шақыру мен олардан жауап алуға негіз болмайды. Бірінші сот отырысында жауап берген куәлардың көрсетулері екінші сот отырысында жарияланса да жеткілікті (ҚР АІЖК 200 б.).

Сонымен бірге, бір істі қарауды кейінге қалдыра отыра сот, осы кезең аралығында басқа да азаматтық істерді қарастыра бере алады.

Іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру

Іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру – бұл сотпен, істің одан әрі қарастырылуына кедергі болатын заңда көзделген негіздер бойынша процессуалдық әрекеттерді жасауды белгілі бір мерзімге тоқтата тұруы.¹⁸

Бұндай процессуалдық әрекеттер, істі қарауды кейінге қалдыру секілді, істі осы сот отырысында қарастыруға мүмкіндіктің болмауынан туындайды. Бірақ, іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұрудың істі қарауды кейінге қалдырудан елеулі айырмашылықтары бар. Іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұрудың спецификалық белгілері:

- іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру, әдетте, дәлелдемелер мен талап арызын қамтамасыз ету шараларын қабылдауды қоспағанда, қандай да болмасын процессуалдық әрекеттер жасауды көздемейді. Бұған қарағанда істі қарау кейінге қалдыру дәл осы процессуалдық әрекеттер жасау үшін іске асырылады;

- іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға негіз болатын жағдайлар заңмен тікелей көзделген, және де бұндай негіздер соттан да, тараптардың еркінен де әсер етпейді;

- іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру белгісіз мерзімге іске асырылады.¹⁹

Сот, қалыптасқан жағдайларға байланысты іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға не міндетті (ҚР АІЖК 242 б.), не құқылы (ҚР АІЖК 243 б.) болады.

Сот:

¹⁸ Баймолдина З.Х. Көрсетілген еңбек. 71 б.

¹⁹ Каллистратова Р.Ф. Институт «особого участия» государственных и общественных организаций в советском гражданском процессе: Автореф. ...к.ю.н.-М.:1954., Трубников П.Я. Көрсетілген еңбегі.

1. егер даулы құқық қатынасы құқық мирасқорлығына жол беретін болса, істе тарап болып табылатын азамат қайтыс болғанда немесе заңды тұлға қайта құрылған, таратылғанда;

2. тарап әрекет қабілеттілігінен айырылғанда;

2. жауапкер ҚР Қарулы Күштерінің жауынгерлік іс-қимылдарға қатысушы бөлімдерінде, басқа әскерлері мен әскери құрамаларында болған немесе ҚР Қарулы Күштерінің жауынгерлік іс-қимылдарға қатысушы бөлімдерінде, басқа әскерлері және әскери құрамаларында жүрген талап қоюшылардың өтініші болғанда;

3. азаматтық, қылмыстық немесе әкімшілік сот ісін жүргізуде қаралып жатқан басқа істің шешілуіне дейін бұл істі қараудың мүмкіндігі болмағанда;

4. егер ол осы іс бойынша қолданылуға тиісті заң немесе басқа нормативтік құқықтық акті адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қысым жасайтындығын байқаған және осы актінің конституцияға сай еместігін тану туралы ҚР Конституциялық Кеңесіне өтініш жасаған, сондай-ақ Конституциялық Кеңес басқа соттың бастамашылығымен осы іс бойынша қолданылуға тиісті нормативтік құқықтық актінің конституциялығын тексеріп жатқандығы белгілі болғанда;

5. құқықтық көмек көрсету жөніндегі тапсырмамен шет мемлекеттің сотына өтініш жасаған жағдайда іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуға міндетті.

Сот:

- тарап ҚР Қарулы Күштерінде, басқа әскерлерінде және әскери құрамаларында шақыру бойынша әскери қызметте болған немесе ол басқа да мемлекеттік міндетті орындауға тартылған;

- тарап істі қарау мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда болған

- тарап емдеу мекемесінде болған немесе оның сотқа келуіне кедергі жасайтын сырқаты болған және ол медициналық мекеменің құжатымен расталған;

- жауапкер ҚР АІЖК 135 б. көзделген жағдайларда іздеуде болған;

- сот сараптама тағайындаған;

- қаралып жатқан іс бойынша құқықтық көмек көрсету жөнінде сотқа тапсырылған өтінішті;

- қорғаншылық және қамқоршылық орган бала асырап алу ісі жөнінде асырап алушылардың тұрмыс жағдайын зерттеуді белгіленген жағдайларда іске қатысушы адамдардың өтініші бойынша немесе өз бастамашылығымен іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға құқылы.

Сот отырысының хаттамасы.

Жалпы процессуалдық нормаларға сай, бірінші сатыдағы соттың әрбір отырысы туралы, сондай-ақ отырыстан тыс жасалған әрбір жеке іс жүргізу әрекеті туралы хаттама жасалады.

Сот отырысының немесе сот отырысынан тыс жасалған жеке іс жүргізу әрекетінің хаттамасы істі қараудың немесе жеке іс жүргізу әрекетін жасаудың барлық елеулі сәттерін көрсетуге тиіс. Сондықтан да, әрбір сот отырысы бойынша немесе жеке іс жүргізу әрекеті бойынша жеке хаттама жасалады.

Сот отырысының хаттамасы, онда сотта іс қарау кезінде жасалатын барлық процессуалдық әрекеттер бекітілетін негізгі құжаттардың бірі болып

табылады. Сот отырысы хаттамасының болмауы, берілген шағымдар мен наразылықтарға қарамастан, бірінші инстанциялық сот шешімін жоюға негіз болады.

ҚР АІЖК 256 б. 2 т. сай сот отырысының хаттамасында:

- сот отырысының жылы, айы, күні және орны;
- сот отырысы басталған және аяқталған уақыт;
- істі қарайтын соттың атауы, сот отырысы судьясының, хатшысының және сот приставының тегі мен аты-жөні;
- істің атауы;
- іске қатысушы адамдардың, өкілдердің, куәлардың, сарапшылардың, мамандардың, аудармашылардың келгені туралы мәліметтер;
- іске қатысушы адамдарға, өкілдерге, сондай-ақ аудармашыға, сарапшылар мен мамандарға олардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттерінің түсіндірілгені туралы мәліметтер;
- төрағалық етушінің өкімдері және сот отырысы залында соттың шығарған ұйғарымы;
- іске қатысушы адамдардың және өкілдердің арыздары, өтінімдері және түсініктемелері;
- куәлардың айғақтары, сарапшылардың өз қорытындыларынан ауызша түсіндірулері, мамандардың түсіндірмелері;
- құжаттардың жария етілуі туралы мәліметтер, заттай дәлелдемелерді қараудың, дыбысжазбаларды тыңдаудың, бейнежазбаларды, киноматериалдарды көрудің деректері;
- ҚР АІЖК 57 бабының негізінде іске қатысушы мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін өзі басқару органдарының қорытындылары туралы мәліметтер;
- сот отырысы залында болған сұрақтар мен жауаптардың мазмұны;
- сот жарыссөздерінің мазмұны;
- шешім мен ұйғарымдардың мазмұны жария етілгені және түсіндірілгені, оларға шағым беру тәртібі мен мерзімі түсіндірілгендігі туралы мәліметтер;
- іске қатысушы адамдарға хаттамамен танысу және оған ескертулер беру құқықтарының түсіндірілгені туралы мәліметтер;
- хаттаманың жасалған күні көрсетіледі.

Хаттаманы сот отырысының хатшысы жүргізеді (ҚР АІЖК 257 б. 1 т.). Сот отырысының хатшысы хаттаманы іс қай тілде қарастырылса, сол тілде жүргізуі тиіс. Сөздер мен сөйлемдердің қандай да болмасын қысқартуларына тыйым салынады және олар сөз айтушылардың атынан жазылады.

Хаттама қолмен немесе компьютерлік әдіспен жасалуы мүмкін. Хаттама мазмұнын толық қамтамасыз ету үшін дыбыс жазу құралдарын да қолдану рұқсат етіледі. Хаттамада осындай құралдарды қолдану туралы тиісті жазулар жасалады (ҚР АІЖК 257 б. 3 т.).

Хаттама сот отырысы аяқталғаннан кейін үш күннен кешіктірілмей, ал жеке іс жүргізу әрекеті туралы хаттама ол жасалғаннан кейінгі келесі күннен кешіктірілмей дайындалып, оған қол қойылуы тиіс. Күрделі істер бойынша сот отырысының хаттамасын дайындау және оған қол қою бұдан да ұзақ мерзімде,

бірақ сот отырысы аяқталғаннан кейін он күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуы мүмкін.

Хаттамаға төрағалық етуші және хатшы қол қояды. Барлық өзгерістер, түзетулер, толықтырулар хаттамада айтылуға және олардың қол қоюымен куәландырылуға тиіс (ҚР АІЖК 257 б. 5, 6 т.).

Сонымен бірге, ҚР АІЖК-сі 258 және 259 баптары хаттамаға ескертпелер жасаудың тәртібін орнатады.

Іске қатысушы адамдар мен өкілдер хаттамамен танысуға және оған қол қойылған кезден бастап *бес күн ішінде* хаттамада жіберілген қателіктер мен кемшіліктерді көрсете отырып, оған жазбаша түрде ескертпелер беруге құқылы.

Хаттамаға жасалған ескертпелерді оған қол қойған төрағалық етуші қарайды, ол ескертпелермен келіскен жағдайда олардың дұрыстығын куәландырады.

Төрағалық етуші берілген ескертпелермен келіспеген жағдайда хаттамаға ескертпелер берген адамға хабарлана отырып, олар сот отырысында қаралады. Ескертпелерді қарау нәтижесінде төрағалық етуші олардың дұрыстығын куәландыру туралы не олардың толық немесе ішінара қабылданбауы туралы ұйғарым шығарады. Ескертпелер барлық жағдайда іске қоса тіркеледі.

Хаттамаға жасалған ескертпелер олардың берілген күнінен бастап бес күн ішінде қаралуға тиіс.

Іс бойынша төрағалық етуші қандай да бір объективті себептермен хаттамаға жасалған ескертпелерді қарай алмаған жағдайда, олар істің материалдарына қоса тіркеледі.

Қорытынды

Сонымен қорыта келгенде, субъектілер, яғни азаматтық іс жүргізу құқығы азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарына қатысатын немесе қатыса алатын адамдар үш топқа бөлінеді.

1. Сот төрелігін жүзеге асыратын адамдар. Сот процестің ерекше қатысушысы болып табылады, себебі арнайы құрылған мемлекеттік билік органы ретінде сот төрелігін жүзеге асырады. Сотқа азаматтық процестің анық сатыларында басшылық рөл берілген. Іске қатысушы тұлғалар судьяға қарсылық білдірулері мүмкін, мұндай жағдайда судья ауыстырылып, істі басқа судья қарайды. Сот отырысының хатшысы азаматтық істерді қарау барысында сот отырысының хаттамасын жасайды және сот отырысына төрағалық етушінің басқа да тапсырмаларын орындайды. Сот отырысының хатшысы сотқа іс бойынша шақырылған адамдардың қайсысының келгенін, келмей қалған адамдарға хабарланғандығы туралы және олардың келмей қалуының қандай себептері бар екендігін хабарлайды.

Сот приставы — төмендегідей міндеттерді атқаратын адам: сот отырысы кезінде залдағы қоғамдық тәртіпті қадағалайды, сотқа іс жүргізу әрекеттерін орындауды жәрдемдеседі, сот ғимаратын, судьяларды және процестің басқа қатысушыларын қорғауды қамтамасыз етеді, соттың және басқа органдардың атқару құжаттарын мәжбүрлеп орындалатын сот орындаушыларына көмек көрсетеді.

Сот орындаушысы — бұл мемлекеттік қызметтегі және заңмен жүктелген соттың және басқа органдардың актілерін орындау жөніндегі міндеттерді атқаратын лауазымды тұлға.

2. Іске қатысушы адамдар — тараптар; даудың нысанасына дербес талаптарын мілімдемейтін үшінші тұлғалар; прокурор; мемлекеттік органдар; процеске қатысатын жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар немесе жеке азаматтар; ерекше өндіріс тәртібінде сотта қаралатын істер бойынша өтініш берушілер және басқа да мүдделі адамдар. Іске қатушы адамдар өздеріне тиесілі барлық іс жүргізу құқықтарын адал пайдалануы тиіс. Осы тұлғалар іс жүргізу құқықтарын орындамаған жағдайда заңдарда азаматтық сот ісін жүргізу туралы қарастырылған салдарлар туындайды.

Іске қатысушы барлық адамдар екі шағын топқа бөлінеді: 1) өз құқықтары мен мүдделерін қорғайтын адамдар. Оларға; үшінші тұлғалар, яғни, ерекше өндіріс істері бойынша өтініш берушілер мен мүдделі тұлғалар кіреді, 2) мемлекеттік, қоғамдық мүдделерді не жеке адамдар мүдделері мен құқықтарын қорғайтын адамдар. Олар прокурор, мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар немесе жеке азаматтар.

3. Сот төрелігін жүзеге асыруға жәрдемдесетін адамдар. Бұл топқа куәгерлер, сарапшылар, аудармашылар, мамандар, мүлікті сақтаушылар және басқалары кіреді. Мұндай адамдарда азаматтық іске заңды мүдделілік болмайды. Олардың азаматтық процестегі рөлі қосалқы-қызметтік болып табылады, олар сотқа істің нақтылы мән-жайларын анықтауға, оны дұрыс шешуге жәрдемдеседі және нақты әрекеттерді жүзеге асыруға көмектеседі, тап осындай көмекті олар іске қатысушы басқа да адамдарға көрсетеді.

Нормативтік құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексі. 2015 жылғы 31 қазан Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
2. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық Заңы. 2000 ж. 25.12. (2015.04.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
3. Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» Заңы. 1997 ж. 05.12. (2016.08.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
4. Қазақстан Республикасының «Аралық соттар туралы» 2004 ж. 28.12. Заңы. (2014.04.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. <http://online.zakon.kz>.
5. Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» 2011 жылғы 28 қаңтардағы Заңы. (2015.31.10. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
6. Қазақстан Республикасының «Халықаралық коммерциялық төрелік туралы» 2004 жылғы 28 желтоқсандағы Заңы (2016.02.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
7. Қазақстан Республикасының «Атқарушылық өндіріс және сот атқарушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңы (2015.12.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
8. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» 1995 ж. 21.12. Заңы. (2016.06.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
9. Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының «Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңдарды қолданудың кейбір мәселелері туралы» 1998 ж. 14.05. №1 қаулысы. (2011 ж. 30 желтоқсандағы өзгертулер мен толықтырулар) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
10. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Сот қарастыруына азаматтық істерді әзірлеу туралы» № 21 нормативтік Қаулысы. 2001 ж. 13.12. (2012.29.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ильясова Г.А. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Жалпы бөлім. Қарағанды: САНАТ-Полиграфия, 2008.-135 б.
2. Ильясова Г.А. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Ерекше бөлім. Қарағанды: САНАТ-Полиграфия, 2008.-289 б.
3. Егембердиев Е.О. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Астана: ФОЛИАНТ, 2006.-388 б.

4. Қамбарова Н.Ш. Азаматтық іс жүргізу құқығы: Электрондық оқу құралы. Альбом-кесте/Н.Ш. Қамбарова, Алматы: НӘР-ПРЕСС, 2009.
5. Аленов М. А. Гражданское процессуальное право: Учебное пособие. Астана: ТОО «ПрофиМакс ДК», 2010 - 402с.
6. Аленов М. А. Гражданское процессуальное право: Учебное пособие- 2-е изд., перераб. и доп. Астана: ТОО «ПрофиМакс ДК», 2011- 530с.
7. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Учебник. Алматы: ҚазМЗА, 2001 ж.
8. Нурмашев У. У. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Краткий курс: учебное пособие. Алматы : NURPRESS, 2012 - 476 с.
9. Исполнительное производство: Учебное пособие Под ред. С.С. Маиляна, А. Н. Кузбагарова - М. : ЮНИТИ, 2009 - 303с.
10. Егембердиев Е. О. Атқарушылық іс жүргізу: Оқу құралы/Е.О. Егембердиев.- 2- ші бас. Астана: ФОЛИАНТ, 2011.-160 б.
11. Манабаева М. А. Подготовка гражданских дел к судебному разбирательству (проблемы теории и практики): Автореферат дисс. на соиск. учен. степ. канд. юрид. наук Астана: РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН, 2010 - 32с